Мусабекова Айнаш Орикбаевнаның «8D04101 – Экономика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған «Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігі: әдіснамалық негіздері, даму үрдістері мен перспективалары» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Өлшем шарттар	Өлшем шарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1	2	3	4
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) **диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған** (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Диссертациялық жұмыстың тақырыбы әйелдер кәсіпкерлігін дамыту мәселелеріне арналған және ғылымның қазіргі даму бағыттарына, сондай-ақ мемлекеттік бағдарламалар мен стратегиялық құжаттардың басымдықтарына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс «Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жүйесін жаңғырту контекстінде әйелдер кәсіпкерлігінің дамуын жандандыру және оның бәсекеге қабілеттілігін арттыру механизмдерін әзірлеу» ҚР БҒМ Ғылым комитетінің гранты, 2021-2024 жж. Тіркеу нөмірі: AP14871920.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін **қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы **ашылған**/ашылмаған.	А.О. Мусабекованың диссертациялық жұмысы ғылымға елеулі үлес қосады, себебі зерттеуде әйелдер кәсіпкерлігін дамытудың заманауи тәсілдерінің әлеуметтік-экономикалық әсері жан-жақты талданған. Зерттеу барысында аталған мәселенің ғылыми маңыздылығы ашылып, әйелдер кәсіпкерлігінің тұрақты даму мен өңірлік экономикалық өсімге ықпалы теориялық және практикалық тұрғыда негізделген. Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері негізінде әйелдер кәсіпкерлігін қолдауға және оның тиімділігін арттыруға бағытталған ғылыми негізделген ұсыныстар әзірленген.

1	2	3	4
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: **1) жоғары;** 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Автор диссертациялық жұмысты орындау барысында ғылыми зерттеу жүргізудің жоғары деңгейін және академиялық дербестігін көрсетті. Ізденушінің дербестігі ғылыми әдебиеттерді, заңнамалық және нормативтік-құқықтық құжаттарды жан-жақты талдауынан, зерттеу мәселесіне қатысты теориялық тұжырымдарды жүйелеуінен, ғылыми пайымдаулар жасау қабілетінен және зерттеу әдістері мен құралдарын негізді түрде таңдауынан көрініс тапты. Диссертациялық жұмыстың нәтижелері мен ұсыныстарын әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалар мен практикалық қызметте қолдануға болады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: **1) негізделген;** 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігін дамыту мәселесі қазіргі кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық саясаттың маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Әйелдер басқаратын кәсіпкерлікті заманауи басқару және қолдау тетіктері арқылы жетілдіру экономикалық өсуді қамтамасыз етуге, жұмыспен қамтуды арттыруға және гендерлік теңдікті нығайтуға ықпал етеді. Осыған байланысты диссертациялық зерттеуде әйелдер кәсіпкерлігінің тұрақты даму факторлары ғылыми тұрғыда жан-жақты қарастырылып, тақырыптың өзектілігі теориялық және практикалық аспектілерде негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: **1) айқындайды;** 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертацияның мазмұны зерттеу тақырыбының мәнін толық айқындайды, жұмыстың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес құрылымдалған. Сонымен қатар, диссертацияда қорғауға ұсынылған негізгі ғылыми тұжырымдар мен нәтижелер жүйелі түрде негізделіп, зерттеудің логикалық бірізділігі қамтамасыз етілген.

1	2	3	4
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: **1) сәйкес келеді;** 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертацияның мақсаттары мен міндеттері зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді, жұмыстың мазмұнын айқындайды және оның негізгі ғылыми аспектілерін жан-жақты ашады.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: **1) толық байланысқан;** 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы өзара толық логикалық байланысқан, зерттеу мазмұнының жүйелілігі мен бірізділігін қамтамасыз етеді.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: **1) сыни талдау бар;** 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау оз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Диссертациялық жұмыста автор зерттелген мәселелерге қатысты сыни талдау бар, бұл зерттеудің ғылыми тереңдігін және негізділігін арттырады.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? **1) толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Зерттеу нәтижелері бойынша әйелдер кәсіпкерлігінің дамуын сипаттайтын жаңа теориялық тәсіл, әдіснамалық негіз және институционалдық-қаржылық модель әзірленді. Бұл ұсыныстар зерттеу тақырыбының ғылыми жаңалығын айқындап, оның теориялық және практикалық маңыздылығын күшейтеді.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? **1) толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа ғылыми нәтижелерге негізделген.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? **1) толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Зерттеу барысында әйелдер кәсіпкерлігін дамытудың толығымен жаңа теориялық тәсілдері, әдіснамасы және институционалдық-қаржылық моделі ұсынылып, ғылыми тұрғыда негізделген.

1	2	3	4
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Зерттеудің негізгі қорытындылары тереңдетілген деректер талдауына негізделген және автор ұсынған тұжырымдамаларды растайтын әрі қолдайтын ауқымды ғылыми әдебиеттерді, оның ішінде шетелдік дереккөздерді кеңінен пайдаланумен негізделген.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? **1) дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; **2) жоқ;** 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? **1) ия;** 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; **3) кең** 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? **1) ия;** 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	Диссертациялық жұмыста келесі тұжырымдар келтірілген: **Тұжырым 1:** Әйелдер кәсіпкерлігінің ілімдік-әдіснамалық негіздері мен эволюциялық даму кезеңдері жүйеленіп, гендерлік экономика мен инновациялық менеджменттің өзара байланысын айқындайтын жаңа теориялық-концептуалдық тәсіл ұсынылды. 7.1 дәлелденді 7.2 жоқ 7.3 ия 7.4 кең 7.5 ия **Тұжырым 2:** Әлемдік тәжірибе негізінде әйелдер кәсіпкерлігінің институционалдық модельдерінің типологиясы жасалып, олардың Қазақстан жағдайында бейімделу және трансформациялану бағыттары ғылыми тұрғыда негізделді. 7.1 дәлелденді 7.2 жоқ 7.3 ия 7.4 кең 7.5 ия **Тұжырым 3:** Әйелдер кәсіпкерлігінің әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерін библиометриялық талдау негізінде библиометриялық ғылыми картасы ұсынылды. 7.1 дәлелденді 7.2 жоқ 7.3 ия 7.4 кең 7.5 ия **Тұжырым 4:** Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігінің бәсекеге қабілеттілігін айқындайтын

1	2	3	4
			әдіснамалық және институционалдық факторлар жүйеленді, олардың өзара ықпалы эконометрикалық модельдеу арқылы дәлелденді. 7.1 дәлелденді 7.2 жоқ 7.3 ия 7.4 кең 7.5 ия **Тұжырым 5:** Әйелдер кәсіпкерлігін қолдаудың институционалдық және қаржылық тетіктерін жетілдірудің кешенді моделі әзірленді, ол мемлекеттік саясат, қаржы институттары мен жеке сектор синергиясына негізделіп, әйелдер кәсіпкерлігінің тұрақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған. 7.1 дәлелденді 7.2 жоқ 7.3 ия 7.4 кең 7.5 ия
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: **1) ия;** 2) жоқ.	Зерттеу әдіснамасын таңдау ізденуші тарапынан негізделген және диссертация мәтінінде толық сипатталған. Қолданылған зерттеу әдістері заманауи талаптарға сай және жалпы ғылыми қауымдастықта кеңінен қабылданған әдістемелерге сәйкес келеді.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: **1) ия;** 2) жоқ.	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдана отырып, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістері негізінде алынған. Зерттеу барысында ақпараттық платформалар, соның ішінде VOSviewer бағдарламасы арқылы библиометриялық талдау, сондай-ақ салыстырмалы, статистикалық және эконометрикалық талдау әдістері пайдаланылған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген	Теориялық қорытындылар, әзірленген модельдер, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар жүргізілген зерттеу нәтижелері арқылы дәлелденіп, расталған.

1	2	3	4
		және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): **1) ия;** 2) жоқ.	Маңызды мәлімдемелер заманауи және сенімді ғылыми әдебиеттерге жасалған сілтемелер арқылы негізделіп, расталған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған** / ішінара расталған / расталмаған.	
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: **1) бар;** 2) жоқ.	Диссертация статистикалық деректерге негізделген және теориялық тұрғыдан маңызды ғылыми нәтижелерді қамтиды.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: **1) ия;** 2) жоқ.	Автордың алынған ғылыми нәтижелері әйелдер кәсіпкерлігін дамытуға бағытталған білім беру және кәсіби даярлау курстарында, бизнес-кеңес беру қызметінде, сондай-ақ әлеуметтік жобалар мен тәжірибелік зерттеулерді іске асыру барысында пайдалана алады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? **1) толығымен жаңа;** 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады және зерттеу нәтижелерінің қолданбалы маңыздылығын айқындайды.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: **1) жоғары;** 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыстың жазылу және ресімделу сапасы ғылыми талаптарға сәйкес жоғары деңгейде орындалған.
11.	Диссертация-ға ескертулер	Ұсынылған жұмыстың өзектілігін, ғылыми жаңалығын және практикалық маңыздылығын ескере отырып, оның кейбір кемшіліктерін атап өткен жөн: 1. Жұмыста зерттеудің әдіснамалық негіздері мен қолданылған әдістерді таңдау критерийлері жеткілікті дәрежеде толық ашылмаған. 2. Авторға ұсынылған тәсілді осы тақырып бойынша қазіргі заманғы шетелдік зерттеулермен салыстыру мәселесіне көбірек көңіл бөлу ұсынылады. Аталған кемшіліктер ұсынымдық сипатқа ие, сондықтан жұмыстың оң бағасына әсер етпейді.	

1	2	3
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	Диссертациялық жұмыстың қорытындысы бойынша 12 басна жұмысы жарияланған. Докторант мақалаларды зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі жоғары бағаланады.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	Мусабекова Айнаш Орикбаевна «Қазақстандағы әйелдер кәсіпкерлігі: әдіснамалық негіздері, даму үрдістері мен перспективалары» атты диссертациялық жұмысы «8D04101 – Экономика» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.

Ресми рецензент:
Esil University-нің
Ғылыми жұмыс және
интернационалдандыру
жөніндегі проректоры,
э.ғ.д., профессор Д.М. Турекулова